

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
14.09.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 14.09.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Келесі мәселе – «Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Бұл мәселе бойынша да сөз Баттақов Ерлан Еркінұлына беріледі.

**БАТТАҚОВ Е.Е.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау туралы келісімді ратификациялауға бағытталған заң жобасы ұсынылды.

Аталған келісімді жасасу Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 53-бабында тікелей көзделген.

Келісім мынадай қағидаттарды айқындайды:

бақылау субъектілерінің адалдық презумпциясы;

бақылау органдары қызметінің жариялылығы;

тексерулер жүргізудің заңдылығы;

техникалық регламенттердің бірдей талаптарын сақтау үшін әртүрлі мемлекеттік органдардың бір бақылау субъектісін тексеруіне жол бермеу.

Аталған қағидаттар Еуразиялық экономикалық одаққа барлық мүше мемлекеттерде іске асырылуы тиіс.

Сонымен қатар келісімде:

Еуразиялық экономикалық комиссия бекітетін тәртіппен Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығында сәйкес келмейтін өнімнің таралуына жол бермеу мақсатында Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің бақылау органдарының өзара іс-қимылы;

бір елдің органдары өзара саудада кедергілер жасауға жол бермеу мақсатында басқа елдің мемлекеттік бақылау нәтижелерімен келіспеген кезде дауларды қарау тәртібі;

сәйкес келмейтін өнім тізілімін құру және ақпараттық жүйе арқылы ақпараттық өзара іс-қимыл жасау қарастырылған.

Жалпы, келісімді ратификациялау сәйкес келмейтін өнімнің таралуына жол бермеуге, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде заңсыз тексерулер кезінде техникалық кедергілерді алып тастауға бағытталған.

Келісімде қолданыстағы заңнаманың барлық талаптары ескерілген, оны ратификациялау Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер енгізуге алып келмейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Шиповских Геннадий Геннадиевич.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Келісімнің 8-бабында Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнім туралы хабардар ету жүйесін пайдалану көзделіп отыр.

Ақпараттандыру жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде жалпы ақпараттық ресурстарды қалыптастыру, жүргізу және пайдалану, сондай-ақ мәліметтер алмасу жүзеге асырылатын болады. Ақпараттандыру жүйесін пайдалану Одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін өнімді анықтау үшін әрбір ел деңгейінде жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Сөзсіз, бұл норма барлығымыз үшін қажет. Осыған орай мен бір мәселені анықтағым келеді.

Айтыңызшы, осы интеграцияланған ақпараттық жүйе бізде қалай жұмыс істейді? Және біздің отандық кәсіпкерлерге бұл жүйе қолжетімді болып табыла ма? Егер қолжетімді болып табылса, онда қалай? Рақмет.

БАТТАҚОВ Е.Е. Ақпараттық жүйені құру бойынша жұмыс бірнеше жылдан бері жүргізіліп келеді. Бұл жүйе уәкілетті органдар арасында мемлекеттік ақпарат алмасу үшін қажет. Бүгінгі таңда ол ішінара құрылды. Техникалық құжаттар, жалпы процестер әзірленуде. Осы жүйені жүргізетін бас орган Еуразиялық экономикалық комиссия болып табылады. Негізі 75 жалпы процесс көзделген. Қазіргі уақытта бизнеске осы жүйе шеңберінде электрондық тізілімдер қолжетімді. Бірақ бәрі жасалған жоқ. Мысалы, сынақ-зертханалық тізім жасалынды.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Ерлан Еркінұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Сапарова Әлия Сүйіндікқызына беріледі.

САПАРОВА Ә.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Заң жобасы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындауға бағытталып, Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру мақсатында әзірленді.

Келісімде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер аумағында техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдерді анықтап, айналымға шығармау мақсатында мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыратын органдардың өзара іс-қимылы көзделеді.

Өз сөзінде баяндамашы заң жобасының негізгі бағыттарын жан-жақты айқындады.

Құрметті әріптестер, заң жобасы жұмыс тобының отырысында және Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің кеңейтілген отырысында қаралды.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша он қорытындыларын ұсынды.

Құрметті депутаттар, осы заң жобасын қолдауды және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлия Сүйіндікқызы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.А. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары жұмысының маңыздылығы интеграциялық процестердің дамуына байланысты тек арта түсетін болады. Олардың қызметі өңірлік экономикалық бірлестіктің орасан зор аумағындағы халықтың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған.

Еуразиялық экономикалық одақ елдеріндегі бақылау органдарының өзара іс-қимылының дұрыс құрылған жүйесі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес келмейтін нарықтағы өнімдерді анықтауды және айналыстан алуды қамтамасыз етеді.

Сондықтан келісімнің ережелері Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы саудадағы техникалық кедергілерді алып тастауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ келісім мынадай қағидаттар мен тәсілдерді айқындайды:

мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары қызметінің жариялылығы;

тексерілетін тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

бір субъектіге қатысты мүше мемлекеттің бірнеше бақылау органдарының Одақтың техникалық регламенттерінде белгіленген бірдей міндетті талаптардың орындалуына тексерулер жүргізуіне жол бермеу.

Келісімде көзделген мемлекеттік бақылау (қадағалау) жөніндегі нормаларға сәйкес халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбелеріне енгізілген зерттеулер (сынақтар) мен

өлшемдердің қағидалары мен әдістері ғана қолданылуға тиіс. Яғни бұл саудадағы негізсіз кедергілерді жоюға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, келісім Еуразиялық экономикалық одақтың барлық елдерінде тауарларға қойылатын қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін және сауданы дамыту үшін маңызды мәнге ие.

Осыған байланысты заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Қуағаттамашен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Майя Н. Майгынбаева.*